

Гуманитарлық пәндер
ӘБ отырысында
қаралды:
№ 24 Рахманова Г.Р.
хаттамасы
« 02 » 09 2024 ж

Келісемін :
Директордың бейіндік оқыту
жөніндегі орынбасары:
Маханова З.А
« 02 » 09 2024 ж



мектеп-лицейінің

«Өлкетану»

Факультатив курс бағдарламасы

Сыныбы : 5 А

Қазақ тілі және әдебиеті пән мұғалімі : Шерияздан Р.

Түсіндірме жазба

«Өлкетану» факультатив сабағының мақсаты – оқушыларды Бұланды ауданындағы заманауи ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығымен таныстыру.

Міндеттері:

- ✓ Өлкетану сабағының мақсатымен таныстыру;
- ✓ Бұланды ауданындағы ақын-жазушылармен таныстыру;
- ✓ Жайнарбек Зандыбайұлының өмірі мен шығармашылығымен таныстыру;
- ✓ Оқушылардың әдеби шығарма оқуға қызығушылығын арттыру;

Өзектілігі:

Мектеп бағдарламасына белгіленген бір өлкенің ақын-жазушыларының шығармашылығы енгізілмегендіктен, оқушылар өз туған өлкесіндегі заманауи ақын-жазушылардың шығармашылығын біле бермейді. Тіпті өз туған жерінен қандай ақындар мен жазушылардың барын білмейді. Өйткені қазір оқушылар кітап оқымайды, театрға бармайды, газеттер мен журналдардың бетін ашпайды. Мектеп бағдарламасында көрсетілген шығармалармен ғана танысып, қосымша әдебиеттерді оқымайды. Өз өлкесінен шыққан тұлғаларды танымағандықтан, өзінің өлкесіне деген сыйластығы мен мақтанышы да болмайды. Сондықтан оқушылардың туған өлкесіне деген сүйіспеншілігінің артуын, әдеби шығармаларды қызығып оқуға деген ынтасын арттыруда, заманауи көзқарасы ұқсас келетін ақындар мен жазушылардың шығармашылығымен таныстырып, рухани кемелденуі үшін бұл факультатив сабағының орны ерекше.

Жаңалығы:

Осыған дейін «Өлкетану» факультатив сабағын тек тарих пәндерінің мұғалімдері жүргізіп, дайын бағдарлама мен оқулық арқылы жүзеге асырып келді. Аталмыш «Өлкетану» факультатив сабағын алғаш рет қазақ тілі мен әдебиеті пәнімен байланыстыра отырып, Бұланды өлкесінің заманауи ақын-

жазушыларының өмірі мен шығармашылығымен таныстыру қолға алынып отыр.

Күтілетін нәтижелер:

- ✓ оқушылардың туған өлкеге деген сүйіспеншілігі артады;
- ✓ туған өлкесінің заманауи ақындары мен жазушыларының шығармашылығымен танысады;
- ✓ заманауи ақындар мен жазушылармен тікелей кездесу мүмкіндігі артады;
- ✓ әдеби шығармаларды оқуға деген қызығушылығы артады;
- ✓ ақындардың шығармалары арқылы өз туған өлкесінің тарихымен танысады.

Ұсынылып отырған факультатив сабағында Бұланды ауданының заманауи ақындары мен жазушыларының шығармалары жан жақты талданады. Оқушылар тек өлеңдерімен ғана таныспайды, өлеңнің құрылысына талдау жасайды, өлеңдердің тақырыбы мен идеясын анықтайды, өлеңдердегі автор бейнесіне талдау жасайды, өлеңдерді басқа да тақырыбы мен идеясы ұқсас өлеңдермен салыстырады, өлеңдерге баға береді, өлеңдерге өзіндік пікір білдіре отырып, сыни ойлау дағдылары қалыптасады.

Аталмыш факультатив сабағы аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат жүктеме арқылы жүзеге асырылады.

Оқу жүктемесі: аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат.

Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы

Факультатив сабағын ұйымдастыру формасы:

- ✓ Дәріс (лекция)
- ✓ Топтық және жұптық оқыту әдістері
- ✓ Интерактивті оқыту әдісі
- ✓ Тест сұрақтарына жауап
- ✓ Жоба жасау әдісі
- ✓ Интернетке ақпарат жүктеу
- ✓ Кездесу

Бағдарлама мазмұны:

5 «А» – сынып аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат.

1.Кіріспе (1 сағат).

Өлкетану сабағының мақсаты мен міндеттерімен таныстыру.

2. Бұланды ауданының ақын-жазушыларымен танысу – (1 сағат).

Бұланды ауданындағы заманауи ақын-жазушылармен таныстыру.

3. Жайнарбек Зандыбайұлының өмірі мен шығармашылығы – (6 сағат).

Жайнарбек Зандыбайұлының өміржолы мен ақындыққа келу жолы туралы ақпарат беру. Өлеңдерінің тақырыбы мен идеясына талдау жасату. Ақын өлеңдеріндегі автор бейнесі мен өлеңдерінің семантикалық құрылысына талдау жасау.

4.Жоба дайындау (1 сағат).

Жайнарбек зандыбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы жоба дайындатып, интернетке жүктеу.

5. Ақынмен кездесу сағаты (1 сағат).

Оқушылар Жайнарбек Зандыбайұлымен кездесіп, өздеріне қызық болған сұрақтардың жауабын алады.

6. Ж.Зандыбайұлының патриоттық өлеңдері – (8 сағат).

Ақынның «Тәуелсіздік», «Ата заң», «Атағы арлан бабаларым-ай», «Қазақ елі болу керек мәңгілік», «Тәуелсіздігімді мойындағысы келмейтіндерге», «Ер Түрік», «Рухым қайда?» өлеңдерін талдау.

7. Мәнерлеп оқу сайысы – (1 сағат).

8. Әлеуметтік-саяси өлеңдері- (6 сағат).

Ақынның «Жаралы желтоқсан», «Байрағым жығыла көрмесін», «Бұланды», «Замана түсі», «Ойнамандар», «Антивирус» өлеңдерінің құрылысына талдау жасау. Өлеңдердің тақырыбы мен идеясын анықтау. Өлеңдердегі ақын бейнесін анықтау.

8. Табиғат лирикалық өлеңдері –(5 сағат).

«Күз. Қамысты көл», «Тырналар көші», «Күзгі элегия», «Ақ қайыңға мұң»,

«Жаңбырда», «Біз жақтың бораны» өлеңдерінің құрылысына қарай талдау, өлеңдердің тармақ, бунақ, шумақ сандарын анықтау және көркемдегіш құралдарына талдау жасату.

9. Махаббат лирикасы – (8 сағат). «Соңғы жыр», «Үндемедің», «Ескі бак», «Суретің», «Сені іздеймін», «Хат», «Аңсау» өлеңдерін талдау.

10. «Қорытынды сабақ. Ақынмен кездесу» - (1 сағат).

Тақырыптық сабақ жоспары

P/C	Сабақтың тақырыбы:	Сағат саны	Мерзімі	Мерзімге өзгеріс енгізу
Кіріспе – 1 сағат				
1	Кіріспе. Өлкетану деген не?	1	02.09.2024	
Бұланды ауданының ақын-жазушыларымен танысу – 1 сағат				
2	Бұланды ауданының ақын-жазушыларымен танысу	1	09.09.2024	
Жайнарбек Зандыбайұлының өмірі мен шығармашылығы– 6 сағат				
3	Жайнарбек Зандыбайұлының өмір жолы	1	16.09.2024	
4	Жайнарбек Зандыбайұлының өлеңдерінің тақырыбы мен идеясы	1	23.09.2024	
5	Жайнарбек Зандыбайұлының өлеңдеріндегі автор бейнесі	1	30.09.2024	
6	Жайнарбек Зандыбайұлының өлеңдерінің құрылысына талдау жасау	1	07.10.2024	
7	Өмірі мен шығармашылығы бойынша жоба дайындау	1	14.10.2024	
8	Зандыбайұлымен кездесу	1	21.10.2024	
Ж.Зандыбайұлының патриоттық өлеңдері – 8 сағат				
9	Тәуелсіздік	1	04.11.2024	
10	Ата заң	1	11.11.2024	
11	Атағы арлан бабаларым-ай	1	18.11.2024	
12	Қазақ елі болу керек мәңгілік	1	25.11.2024	
13	Тәуелсіздігімді мойындағысы келмейтіндерге	1	02.12.2024	

14	Ер Түрік	1	09.12.2024	
15	Рухым қайда?	1	09.12.2024	
16	Мәнерлеп оқу сайысы	1	23.12.2024	
Әлеуметтік-саяси өлеңдері- 6 сағат				
17	Жаралы желтоқсан	1	06.01.2025	
18	Байрағым жығыла көрмесін	1	13.01.2025	
19	Бұланды	1	20.01.2025	
20	Замана түсі	1	27.01.2025	
21	Ойнамаңдар	1	03.02.2025	
22	Антивирус	1	10.02.2025	
Табиғат лирикалық өлеңдері – 5 сағат				
23	Күз. Қамысты көл	1	17.02.2025	
24	Тырналар көші	1	24.02.2025	
25	Күзгі элегия	1	03.03.2025	
26	Ақ қайыңға мұң	1	10.03.2025	
27	Жаңбырда	1	17.03.2025	
Махаббат лирикасы – 8 сағат				
28	Біз жақтың бораны	1	07.04.2025	
29	Соңғы жыр	1	14.04.2025	
30	Үндемедің	1	21.04.2025	
31	Ескі бак	1	28.04.2025	
32	Суретің	1	05.05.2025	
33	Сені іздеймін	1	12.05.2025	
Қорытынды сабақ – 1 сағат				
34	Қорытынды сабақ. Ақынмен кездесу	1	19.05.2025	